



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН КӨРКЕМ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАНЫҢ АУДАРЫЛУ ҚИЫНДАҚТАРЫ

Ауелғазина Айғаным

08_aika_96@mail.ru

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қызырова А.М.

Аударма – мәдениеттің феномені, мәдениеттер байланысына тән құбылыс; ұлт мәдениетінің жетістігі. Осыған байланысты ұлт мәдениеті мен ұлттық тілдің жеке адамды тәрбиелеудегі рөлі мейлінше артып отырған қазіргі кезеңде орыс тілінде жасалған аударманың рухани-мәдени, тілді байыту қызметі зор. Аударма мәселесі және салғастырмалы талдау лингвистикалық әрі көркем шығармаға талдау жасау мәселесімен тығыз байланысты.

Аударма өнерінің адамзат тарихымен бірдей қалыптасуы мен көнелігінің себебі адамның әлеуметтік мәдени болмыс ретінде әлемді барынша терең білуі үшін өзінің мәдени дүниетанымы мен өмір салтының айрықша құбылыстарымен сабақтасады. Бұл байланыс ортақ өмір саласын бөлісудің бір қажеттілігі әрі адам сезімі мен дүниетанымын білдіру құралы болған тілдің көмегімен жүзеге асырған мәдениеттің өнімі. Мәдени өзгеріске жараспалы сипатта уақытпен бірге тілде де өзгерістер пайда болады. Тіл жанды ағза сияқты туады, дамиды, жанарады, өзгереді, тіпті өледі де. Аударма біздің ұлттық мәдениетіміздің үлкен тұлғасы, әдебиетіміз бен әдеби тіліміздің дамуына себепші болып келе жатқан қозғаушы күштердің бірі. Мәдениет атауларының бәрі басқа халықтармен қарым-қатынас жасап, өзара байланысу арқылы өркендейтін болса сол байланыстар негізінен аудармаға сүйенеді.

Қазақ халқы сонау көне заманнан бері жер жүзін мекендеген әр алуан елдердің мәдени мұраларынан нәр алып, ауыс-түйіс жасап отырғаны мәлім. Түптеп келгенде солардың бәрін ғылым аудармаға саяды. Әрине, ол аудармалар әр кезде әртүрлі әдістермен жасалып, әртүрлі жолдармен келіп отырған шығар, бірақ қалай болса да оның халқымызды бүкіл адамзат мәдениетіне телудегі атқарып келе жатқан қызметіне баға жетпейді. Тілдің дамуы, әдебиет пен мәдениеттің өркендеуі, солар арқылы ой-сананың өсуіне ойша, не ауызша, не жазбаша аудару арқылы шым-шымдап сіңіп жатқан сол бір рухани нәрсіз мүмкін болар ма екен.

Тіл- қоғамдық құбылыс ретінде адам әрекетінің барлық жағын қамтитын тарихи категория. Адам әрекеті кең көлемді және әр тарапты болғандықтан, тіл қарым-қатынасының, пікір алмасуының және қоғам мүшелерінің бір-бірімен түсінуінің, ойымыздың практикалық көрінісінің құралы ретінде де, өзінің құрылымы жағынан да, түрлі жақтарының өзгеру сипаты жағынан да аса күрделі құбылыс болып табылады.

Тіл білімінде танымдық деңгейде кең қолданыс тапқан ұғымдар қатарында метафораларды атаған орынды. Ұқсату мен балауға, адамның өмірден көрген-білгенін, түйгенін таразылауға мүмкіндік беретін бұл тілдік құбылыс лингвистикалық талдаулардың маңызды бөлігін құрайды.

Метафора (гр. *metaphora* – ауысу) – сыртқы не ішкі белгілеріндегі ұқсастығына қарап бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы. Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңдылығы жатыр. Метафора қолдану сипатына қарай негізінде екі түрге бөлінеді: а) *тілдік (сөздік)* метафора ә) *поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік)* метафора. Тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафораны жалпы халықтық сипатына қарай *дәстүрлі метафора* деп те атайды. Дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздер ұқсату заңына сүйеніп шыққан.

Метафора көбінесе жасырынған салыстыру ретінде белгіленеді де, бір нәрсені атын басқа нәрсеге теңеп, олардан ең маңызды белгісін тауып алады. Кең немесе ашық метафора бірнеше метафоралық пайдаланған сөздерден тұрады да, бір образды жасайтын бір-бірімен байланысқан қарапайым метафоралардан құралады [57, б. 82].

Метафораны аудару үшін көп білім керек, кең ой өрісі мен эстетикалық талғам болу керек. Бұның бәрі аудармашыға затты бейнелеу үшін, өзінің тәжірибесін, өмірді түсінуін қосып, көмектеседі. Әр тілде өзінің метафоралық жүйелер болады да, адамдар оларды өз сөздерінде жиі қолданады. Бір жағынан автор өзінің жаңа метафораларды жасап шығарады да, олар тек қана оның жеке мәнерін көрсетеді. В.Н.Комиссаров, И.Я. Рецкер және В.И. Тарховтың пікірінше жалпыхалықтық образдық құралдар жиі өздерінің ағылшын тілінің образдық фразеологиялық бірліктерді көрсетеді. Осы жағдайда ең үздік шешім образдық эквивалентті тауып аудару болып табылады. Егер де ағылшын тіліндегі метафоралар орыс және қазақ тілінде эквивалент ретінде болатын болса, сонда олардың аудармасы қиындық туғызбайды. Мысалы:

- 1) To be between two fires: между двух огней: екі оттың ортасында
- 2) Black day: черный день: қаралы түн
- 3) Black deed: черное дело: қара іс
- 4) Just skin and bone: кожа да кости: қу сүйек

Әр түрлі образдарға қарамастан, негізгі ой сақталып отыр. Егер де аударма оригинал емес, басқа тілден жасалатын болса, авторлық образдармен байланысы қиындыққа ұшырайды. Метафораны аударудағы қиындықтарды Ч.Диккенстің Оливер Твист шығармасының аудармасына талдау жасай отырып анықтайық. Бұл шығарманы қазақ тіліне аударғанда негізіне орыс тілінің аудармасы алынған. Осының салдарынан кейбір лексико-стистикалық әдістердің берілу қиындықтарының пайда болуына әсер етті.

Біздің ізденісіміз барысында біз метафоралық бірліктердің ағылшын тілінен орыс және қазақ тілдеріне аударғанда бірнеше қиындықтарды таптық. Метафора, қазақ тіліне аударғанда бірнеше қиындықтарға тап болатын стилистикалық бірлік болып табылады. Мысалы:

... they talked about the beadle – which brought **Oliver's heart into his mouth**, – very often the only thing he had there, for many hours together.

... Заходила речь о бидле, после чего у **Оливера от страха пересыхало во рту**, а ведь частенько у него во рту ничего, кроме слюны и не бывало.

... бидл жайында әңгіме қозғалып қалатын да, қорыққаннан **Оливердің тамағы құрғап кететін**, сондықтан да көбінеки оның аузында сілекейінен өзге ештеңе де болмайтын.

Егер де осы екі нұсқасын салыстырсақ, қазақ тілінің аудармасы толығымен орыс тілінен жасалғаны анық, өйткені қазақ тілінің аудармасында оригиналдың метафоралық образы емес, орыс тілінің метафоралық образы аударылған.

Келесі мысалға қарасақ:

You are a great deal too fond of **poking your nose** into things that don't concern you...

Очень уж ты любишь **совать свой нос** в дела, которые тебя не касаются....

Өзіне қатысы жоқ нәрселерге **тұмсығынды тығуға** әзір тұрасың ылғи...

Аударманың авторы орыс тіліне аударғанда метафораны сөзбе сөз аударып, ал қазақ тіліне аударғанда лексикалық қателік жасады. Қазақ тілінде кемсітетін мағынасында аударды.

Мынандай сөйлемдергі қарастырайық:

The earth had donned her mantle of brightest green; and **shed** her richest **perfumes** abroad.

Земля облачилась в самую яркую свою зеленую **мантию** и **источала** самое пряное **благоухание**.

Жер өзінің ең әдемі жасыл **көйлегін киіп, жұпар шашты**.

Қазақ тіліне аударғанда да автор оригиналдың мағынасын мен эмоционалдық бояуын еш қиындықсыз аударды.

Қорытындылай келе Ч.Диккенс романындағы метафоралық қолданыстардың

семантикалық табиғаты мен стильдік қызметін зерттей келе, тіліміз метафорамен түрленіп, өңделеді, ойымыз метафорамен жанданып, бейнеленеді деген түйін жасадық. Метафоралық қолданыстардың өзіне тән ерекшелігі бар. Ол тілдік тұлғаларды ауыспалы мағынамен көркемдей отырып, тілдің өзге де айшықтау құралдарымен белсене қиюласып, қабысып, араласып жатады. Жазушы Ч.Диккенс туындысында да бұл құбылыс өз мәнін жоғалтпайды, қайта ерекше қолданыста көрінеді.

Тілімізде, мәдениетімізде аударма жасау арқылы сөз жасаудың, ойды бейнелеудің жаңа тәсілдері туады, жазу шеберлігі артады. Бұл - халықтың рухани жағынан дамуының күшті құралы ретінде бүкіл адамзат мәдениетінің қазыналы қампасын ашатын кілт, ғылым мен білімнің қайнар бұлағы, тіл ұстартудың мектебі. Сонымен қатар жазушының аудармадағы шығармаларының құндылығын арттыратын тұстарын да байқауға болады. Аударма өнері - тілтану ғылымындағы арналы өрістің бірі. Біз, негізінен, осы саланың өзінде үлкен жүйенің бар екенін, белгілі бір дәрежедегі сипаттарын сөз еттік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода пособие. – М.: ЧеРо, 1999. – 136 с.
2. Львовская З.Д. Современные проблемы перевода. – М.: Изд. ЛКИ, 2008. – 224 с.
3. Сатыбалдиев Ә. Аударма туралы ойлар, 1967.
4. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафорлар. – Алматы, 2002. – 165 б.
5. Лагута О.Н. Метафорология: теоретические аспекты / О.Н. Лагута; Новосиб. гос. ун-т. Гуманитар. фак. – Новосибирск: Изд-во НГУ, 2003. – Ч. 1. – 113 с.
6. Dickens.Ch.The adventure of Oliver Twist, Moscow, Foreign Languages Publishing House, 1953, 551 p.
7. Диккенс Ч. Приключения Оливера Твиста, Перевод Кривцовой А. – М.: Просвещение, 1985. – 367 с.
8. Диккенс Ч. Оливер Твисттің басынан кешкендері, Атығаев А. Аудармасы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 414 б.

УДК 81'255

ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА В КАЗАХСТАНЕ

Ахметова Нагима Болатовна

akhmetova.n@list.ru

магистрант 2-го курса специальности 6М020700 – «Переводческое дело»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Бурибаева М.А.

В данной статье мы рассматриваем современное состояние и особенности казахстанского официального политического дискурса.

Политический дискурс, по словам В.А. Масловой является центральным понятием политической лингвистики. Исследователь как особый раздел науки выделяет лингвополитологию, или политическую лингвистику и даёт ей следующее определение: «отрасль лингвистики, возникшая на стыке двух самостоятельных наук - лингвистики и политологии – и тесно связанная с другими современными лингвистическими дисциплинами (в особенности – с прагмалингвистикой, коммуникативной и когнитивной лингвистикой)» [1, с. 43].

Политическая коммуникация представляет собой действие выработки, обмена и передачи политической информации, которая формирует политическую деятельность, что дает представление о ситуации в стране.